

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2 қыркүйек 2024 № 205  
Теміртау қаласы

город Темиртау

**Оқушыларды ыстық тамақпен  
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы № 235 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып)

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Байханова Л.А., сынып жетекшілеріне:

1) 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті ас мәзірді бекіту кезінде (10 күндік ас мәзірді жаз-күз, қыс-көктем мезгілі) 1-4 сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарының 5-11 сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген ұсынылатын бірыңғай мәзір пайдаланылсын.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.А. Байханова тамақтану сапасына жүйелі мониторинг жүргізуді және "Мектептегі тамақтану" инстаграмында ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Директордың орынбасарлары Е.Г. Андреева, З.Ш. Сулейменова, Г.Ж. Аугалиева, О.В. Королева, К.М. Канафина, Д.Р. Макашева, Л.А. Байханова асханада кезекшілік кезінде, оқушылардың мектеп асханасына баруына санитарлық-гигиеналық нормалар мен тамақтану тәртібін сақтай отырып, аптасына бір рет бақылау жүргізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Байханова Л.А. жүктелсін.

«№10ЖББМ»КММ директоры



Жумабаева А

Бұйрықпен танысылды:

Л. А. Байханова  
Е.Г. Андреева  
З.Ш. Сулейменова  
Г.Ж. Аугалиева  
О.В. Королева  
К.М. Канафина  
Д.Р. Макашева